

Ақпараттық ресурстар

Ұлттық білім беру деректер қорының (ҰББДҚ), күнделік.кз, Online Мектеп жүйесінің жұмысына талдау

1. Күнделік.кз жүйесінің жұмыс жоспарының талдауы
2. ҰББДҚ (НОБД) – ның толтырылуы
3. Online Мектеп жүйесінің жүргізілуі

Электронды журнал Күнделік.кз-тің мақсатты:

- Әрбір білім беру ұйымында өмірді қолдаудың бірегей ортасын құру арқылы білім беру үдерісінің сапасын арттыру;
- Білім беру саласында тиімді аймақтық ақпарат алмасу жүйесін енгізу.

Электронды журнал білім беру процесі мына негізде жүзеге асырылады:

«Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарының оқушыларына арналған электронды журналдар мен күнделіктердің бірыңғай ақпараттық жүйесі» жобасын пилоттық енгізу туралы (2016ж.29 тамыз №536).

Жүйеде білім беру ұйымдарының жұмыстары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің 29.08.2016 жылдан бастап, №536 бұйрығымен Kundelik.kz жүйесі жүргізіліп келеді.

Электрондық күнделік жүйесінде 2021-2022 оқу жылында мектебімізде 37 класс-комплект, 2022-2023 оқу жылында 36 класс-комплект болған, 2023-2024 оқу жылында 35 класс-комплект бар. Оқушылар жыл сайын жаңа оқу жылына көшіріледі. Сабақ кестесі электронды журналға әр тоқсан сайын енгізіледі. Оқушылардың жеке мәліметтері (оқушының аты-жөні, туған жылы, күні, айы, туысқаны, ата-анасының ұялы нөмірі) толық толтырылады. Ата-аналарға, оқушыларға логин, парольдары толығымен таратылады. Күнделікте өзгеріс болған сайын мұғалімдерге дер кезінде хабардар етіп отырамын. Сабақ барысы бойынша, ата-аналар, оқушылар мен мұғалімдер арасында кері байланыс жүргізіліп отырылды. Мұғалімдер күнделік жүйесіне КТЖ енгізіп, формативті бағалау жүргізіп, БЖБ, ТЖБ жұмыстарын уақытында алып, оқушыларға кері байланыс жүргізіліп отырды. Электронды класс журналының жүргізілуі, қалыптастырушы және жиынтық бағаның дұрыс қойылуы, түзетілмеуі, тоқсан бойынша оқушылардың баға қоры, электронды журналдың жоспарға сай толтырылуы, оқушылардың сабаққа қатысуы (ауырғаны, кешіккені, себепсіз келмегені туралы мәліметтің дер кезінде толтырылуы), үй тапсырмасының, жалпы оқуға тарту бетінің дұрыс толтырылуы, журналдың мекен-жайы атын толтыру, эстетикалық талапқа сай толтырылуы қадағаланып отырылды. Әр тоқсан сайын стандарттың орындалуы қаралды. Мұғалімдердің күнделік жүйесін талапқа сай орындауы үнемі қадағалануда болды. Пән мұғалімдері сабақ кезінде сабақ өткізілді белгісі, формативті

бағалау, үй тапсырмасын қосу арқылы үйге тапсырма беру жұмыстары үнемі тексеріліп, уақытында түзетіліп отырылды. Күнделік жүйесі бойынша, пән мұғалімдерін уақытында тексеріп, толтырылмаған жерлерін сол күні орындауы қадағаланды. Кейбір түсінбеген сұрақтары болып жатқан кезде, видео арқылы мұғалімдерге жіберіліп толықтырулар жасалынды. Сонымен қатар күн және апта сайын күнделіктің жүргізілуі бойынша мониторинг жасалынып, аудандық білім бөліміне жіберіліп отырылды.

ҰББДҚ (НОБД) –ның толтырылуы.

Ұлттық білім беру деректер қорының мақсаты:

- ҰББДҚ енгізілген деректер негізінде статистикалық және аналитикалық есептерді шығаруға арналған.
- ҰББДҚны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігін, оның департаменттері мен комитеттерін білім беру секторын жоспарлау және дамыту үшін қажетті ақпаратпен қамтамасыз етеді.

Ұлттық білім беру деректер қорының міндеттері:

- деректер жинау
- деректерді сақтау және өңдеу
- деректерді талдау
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің реттелетін есептерін қалыптастыру

Ұлттық білім беру деректер қорының негізгі бөлімдері:

- Тіркеу мәліметтері
- Білім беру үдерісі туралы негізгі мәліметтер
- Материалдық-техникалық қор
- Білім беру объектісі туралы негізгі мәліметтер
- Қосымша мәліметтер
- Төлқұжатты толтыратын жауапты адам
- Қызметкерлер
- Контингент

Жыл сайын келесі бөлімдер толтырылады:

Контингент туралы ақпарат: 9, 11 класстардың аттестаттары; жаратылыстану-математикалық цикл пәндері бойынша бағдарламаны меңгеру (жылдық бағалары); түрлері бойынша үйірмелер мен спорт секцияларының саны; осы ұйымдағы және мектептен тыс ұйымдардағы оқушылардың үйірмелерге қатысуы (барады және қатыспайды); ыстық тамақпен, жазғы демалыспен қамтылуы; ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала; тұрмысы қолайсыз отбасынан шыққан бала; көп балалы отбасы; балалардың бұзылыс түрлері.

Қызметкерлер туралы ақпарат: еңбек өтілі; негізгі лауазымның жүктемесі; санаты; аптасына сағат саны; қосымша лауазым; біліктілік арттыру курстары; қандай кластарда білім береді.

Білім беру үдерісі туралы негізгі мәліметтер: түрі бойынша үйірмелердің және спорттық секциялардың саны; пікірсайыс клубтары туралы мәліметтер; турнирлер туралы мәліметтер; пікірсайыс клубтарының басшылары туралы мәліметтер.

Материалдық-техникалық қор: ғимарат туралы мәлімет; кабинеттер, класстар, дәрісханалар туралы мәлімет; кітапхана/оқулықтар туралы мәлімет; компьютерлер, планшеттердің, интерактивтік тақталардың, панельдер, проекторлар саны; өнім беруші туралы ақпарат; интернеттің жылдамдығы.

Білім беру объектісі туралы негізгі мәліметтер: білім беру процесінде электрондық ресурстары; оқыту нысаны; ауысымдар бойынша 1-11 кластардың саны; класс-комплектілер саны.

Қосымша мәліметтер: педагогикалық кадрлардың аттестациядан өту туралы мәліметтері; медициналық кадрлар қажеттілігі; педагогикалық кадрлардың қажеттілігі (вакансия); мұғалімдердің қажеттілігі; осы кластарды аяқтаған және келесі кластарға өткізілген оқушылар туралы мәліметтер; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеруі бойынша мониторинг, пайыз; 1-класс оқушыларының жоспарлы жиынтығы; қамқоршылық кеңестің құрылу күні; қамқоршылық кеңестің құрамы туралы мәліметтер.

Online Мектеп жүйесінің жүргізілуі

Online Мектеп – қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру алаңы – қашықтықтан мұғалім мен оқушының өзара әрекеттесуі. Негізгі мақсат – мектеп оқушыларының онлайн режимінде бейімделген оқу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету.

Мұғалімдер мен оқушыларға «Online Мектеп» платформасына кіру үшін логин мен пароль уақытында беріліп отырылды. Барлық мұғалімге жүйемен қалай жұмыс жасау керектігі туралы түсіндірілді. Сонымен қатар, әрбір сұраққа жауап ретінде, жүйенің өзінде бейне нұсқаулықтар көрсетілді. Мұғалімдер өз сабақ кестесіне қарай тақырыптарды ауыстырып қойып отырды.

Қорыта келе айтарым, «Online Мектеп» жүйесінің рөлі қазіргі таңда білім саласы үшін өте жоғары. Себебі, бұл жүйе арқылы мұғалімдеріміз бен оқушыларымыз әлемдік ақпараттармен байланысуға білімдерін онлайн жалғастыруға, ғылыми және шығармашылық жұмыстарын жетілдіруге, әлемдік ақпарат кеңістігінде өздерінің білімдерін ақпараттармен байланысуға зор мүмкіндік алады.

Компьютерлік кластар

Мектепте 2 компьютерлік класс бар. Олар 35 және 38 кабинеттер. Бұл кабинеттерде информатика сабағы өткізіледі. Жалпы 45 ноутбук, 1 компьютер, 2 принтер, 1 интерактивная панель бар. Кабинеттер қазіргі заманғы оқу-әдістемелік көрнекі-құралдармен, стендтермен, кітаптармен жабдықталған. Оқу кабинеттер санитарлық нормаларға сәйкес және, қауіпсіздік ережелері сақталған.

Кабинет № 35

№	Наименование мебели	комплект
1	Интерактивная панель	1
2	Принтер	1
3	Стол учительский	1
4	Стул учительский	1
5	Парты ученические	8
6	Парты для ноутбуков	8
7	Стулья ученические	24
8	Шкаф плательный	1
9	Шкаф книжный	2
10	Люстры	4
11	Ноутбук	29

Кабинет № 38

№	Наименование мебели	комплект
1	Магнитно-маркерная доска	1
2	Компьютер	1
3	Принтер	1
4	Стол учительский	1
5	Стул учительский	1
6	Парты ученические	6
7	Парты для ноутбуков	16
8	Стулья ученические	28
9	Шкаф плательный	1
10	Шкаф книжный	2
11	Люстры	4
12	Ноутбук	16